

жыл бойы атқарылған тәрбие жұмысының есебі

Сыныпта екі оқушы оқыды: 1 үл, 1 қыз бала. Отбасылық жағдайлары жақсы. Сыныптың бір оқушысы «Оқу озаты» (Мақсатова Ә.), екніші- «Оқу екпіндісі» (Аргумбаев Нұрлыбек).

Жалпы сынып оқушыларының интелектуалдық деңгейі, сабакқа қызығушылығы, тәртіптері жақсы.

Жыл басында 2021- 2022 оқу жылының тәрбие жұмысы жоспары жасақталып, жас ұрпақтың бойында азаматтық және патриотизмді қалыптастыру мақсатында іс- шаралар ұйымдастырылды. Тәрбие жұмысы сегіз бағыт бойынша жүргізілді:

1. Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие  
Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-  
қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңсы  
здыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-  
зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен а  
заматты қалыптастыру.

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: "Рухани жаңғыру" құндылық негіздерін тұлғаның рухани-  
адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қа  
йта жаңғыру турали терең түсінігін қалыптастыру, қазақстандық қоғам өмірінің жалпы  
адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісіледі.

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен  
мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен  
этностиқ топтарына құрмет көрсету

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-  
педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қозқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды  
және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту

6. Бағыты: интелектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарын  
дылығын, сондай

ак ақпараттық мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптас  
тыру

7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен  
шыныайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, менгеруге, бағалауға дайындығын  
дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдени орта құру.

8. Бағыты: дene тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дene және психологиял  
ық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңісті  
к құру

I және II жартыжылдық іс-шара жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспарға сай сынып  
сағаттары өткізкелді. Атап айтқанда: «1 қыркүйек – Білім күні. «Тәуелсіздік жетістіктері»,

қарттарым аман-саумысың?», «Қазақстанның киелі орындары», «Мен-оқушымын, қоғам азаматым», «Қауіпсіздік шаралары дегеніміз не?», «Мамандық: кеше, бүгін, ертең», «Тәуелсіздік тарихы жолдары», «Адамгершілік – асыл қасиет!», «Денсаулықты сақтаудың тиімді жолдары», «Мәнгілік елдің болашағы -рухы мықты ұрпак», «Көшбасшы нені білуі керек?», «Жемқорлыққа жол жоқ!», «Галамторсыз бір күн», «Интернет – бүкіләлемдік орнек», «СПИД – ғасыр індеті», «Батыр бабалар ұрпағымыз», «Ұлттық ойын түрлері», «Ел корғаған батырлар ерлігі -ұрпакқа мұра», «Табиғатты сую-ел ертеңін ойлау», «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы», «Біз сыйайлас жемқорлыққа қарсымыз!», «Балаға жүрек жылуы», «Ана-әмір шуағы», «Ерлікке тағзым» (9-мамыр «Женіс күніне» орай), «Адал ұрпак – ел болашағы» «Сонғы қоңырау – 2022». Осы тақырыптар бойынша тәрбие сағаттарына оқушылар да атсалысты: өлең жолдарын, ән сөздерін жаттап, мәнерлеп оқып, ән салды.



Тәрбие сағаттарына ғана қатысып қоймай, балалар барлық мектепшілік шараларға да қатысып, атсалысып отырды. Мысалы үшін: «Күзгі бал», «Тәуелсіздік күні» мерекелік концертіне, «Жаңажылдық шырша» мерекелеріне, «Күзгі жәрменкe», «ИДН-мен кездесу», медбикенің қатысуымен «Денсаулық сағаттары» өткізілді.





Түрлі «Газеттер байқаулары», салтанатты саптұзеулер шараларына қатысып отырды. Олардың енбектері елеңіп, марапаттау қағаздарын алды.



Ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды. Онда оқушылардың түрмис-жағдайы, оқу үлгерімі, сабакқа қатысуының белсенділігі, емтиханға дайындығы және тағы басқа мәселелер талқыланып отырды. Оқушылардың ата-анасымен тығыз жұмыс жүргізіліп, қысқы, күзгі, көктемгі және жазғы демалыста қайда болатындығы, өмір қауіпсіздігі және түнгі уақытта ата-анасыз жүргүре болмайтындығы айтылып, ата-аналардан сенімхат алынды.

Мектепте полиция инспекторы және психологпен дөңгеле үстел, тренингтер өткізілді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Жасөспірімдер арасында АҚТК/ЖҚТБ-н белгілері, жұқтырудың алдын –алу», «Дүрыс тамақтанудың бала денсаулығына әсері» атты әңгіме отті. Жыл бойына мектепте өткізілген қоғамдық іс шараларға сыннып оқушылары барынша белсене араласты, пәндер апталықтарына қабырға газеттерін шыгарып, мерекелерде сахна көріністеріне ат салыса қатысып жүлделі орындарға ие болды.

